

**А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының**  
**«Ұшқын» дарынды балалар орталығының**  
**2021-2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарының есебі**



Мектеп-гимназияның әдістемелік қызметінің негізгі бағыттарының бірі - дарынды балалармен жұмыс. «Ұшқын» дарынды балалар орталығы туралы» -2020-2021 оқу жылында, хаттама №2 26.08. негізінде дарынды балаларды анықтау, шығармашылық, интеллектілік қабілеттерін дамыту, өз бетімен білім алу дағдысына, ғылыми зерттеу қызметіне үйрету мақсатында «Ұшқын» дарынды балалар орталығы құрылды:

- 1.«Ұшқын» ДБО жетекшісі болып, Масалимова А.М. тағайындалды.
- 2.«Ұшқын» ДБО -ның жұмысына, дарынды балаларды анықтап, қабілетін шыңдау, қолдау көрсету бағытында жауапты мұғалімдер :
  - "Жас қаламгер" (Лукпанова Л.С.)
  - "Жас дарын" (Насибуллина С.А. Гизатова. А)
  - "Жас дизайнер"(Гайсина А.Х.)
  - "Тақырыптық әңгімелер"( Жиеналиева А.М.)
  - "Зерде" (Баймағанбетова А.А.)
  - "Жас ғалым" (Сулеймен А.С.)
  - "Жас зерттеуші" (Бекенова Б.Б.)
  - "Химия айналамызда" (Имангалиева С)
  - "Үстел теннисі" (Набиев А.М.)

"Ұшқын" дарынды балалар орталығының мақсаты: оқушылардың білім-білік дағдыларын тереңдету, өз бетімен білім алуына қолайлы жағдай жасау, іскерлік іс-әрекеті қалыптастыру.

Міндеттері:

- ✓ дарынды оқушылардың интеллектуалдық, дүниетанымдық, қабілеттерін, білімдерін саралау;
- ✓ оқушыларды сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарға қатысып отыруға ынталандыру;
- ✓ талантты және шығармашыл, дарынды оқушыларды іздеу, оларды қолдау;
- ✓ қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауға көмек көрсету.

Дарынды деген кім? Дарынды деп қандай баланы айтамыз? Табиғи дарынды бала алдымызға қашан келеді деп күту керек пе, әлде алдымызда отырған баланың қабілетін ашу бағытында жұмыстану қажет пе? Дарын дегеніміз-адам бойындағы ерекше қабілет. Дарындылық- бала бойындағы алғырлық пен зеректік. Әдетте бала дарыны белгілі бір ортада байқалады. Дарынды бала белгілері:- көпшілікпен салыстырғанда ете жоғары білімді, оқуға құштар, шығармашылық мүмкіндігімен көзге түседі, белсенді іс-әрекеті көрінеді, ой еңбегінен қуаныш сезінеді. Оқу жылдың басында «Ұшқын» ДБО-ның мақсатын анықтау, тақырыптық-күнтізбелік жоспарларын бекіту, оқушылар тізімін жасау, авторлық бағдарламаларын бекіту мақсатында отырыс өткізіледі және де 5-сынып оқушылары арасында дарындылық бағытын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамада оқушының қабілетін анықтау мақсатында мектеп психологы Байжиенова Г. бірлесе отырып жасалған бірнеше сұрақтар берілді, және де «Гүл бейнесіндегі -Мен» арттерапия жүргізді. Барлығы 100 оқушы қатысты. 5-сынып оқушылары арасында бір оқушы бірнеше бағытты таңдағандары болды. Осы сауалнама қорытындысына бойынша ұйым қатарына мектебіміздің 5-сынып оқушыларынан 36-оқушы қабылданды.

«Ұшқын» ДБО-на 5а сыныптан 5 оқушы, 5ә сыныптан 5 оқушы, 5б сыныптан 5 оқушы, 5в сыныптан 5 оқушы, 5г сыныптан 5 оқушы, 5д сыныптан 5 оқушы, 5е сыныптан 7 оқушы, барлығы 36 оқушы қабылданған болатын. Барлығына салтанатты түрде мектебімізде сап түзу ұйымдастырылып қуәлік және төсбелгілер табыс ету салтанатын салтанатты түрде өткіздік.



\*Қараша айында білімнің ең биік шыңдарын бағындыруға жасаған алғашқы қадамдардың бірі – жалпы білім беретін пәндер бойынша мектебімізде жыл сайын өткізілетін «Білім – өмір шырағы» атты 8-9-10-11 сынып оқушылары арасында мектепшілік олимпиада өткізіліп, олимпиада жеңімпаздары марапатталды.



\* Қазан-мамыр аралықтарында (2021-2022ж) жыл бойы ДБО жетекшілері дарынды балалармен жұмыс жасап, әртүрлі шаралар өткізді. Жас дарынды зерттеушілерді анықтау мақсатында Бекенова Б.Б «Мен экологпын» сыныптан тыс шарасын жоғары деңгейде өткізді.



Гайсина А.Х. «Адам тұлғасын бейнелеу» мастер класс ұйымдастырды. т.б

\*Сәуір айында "Кемел келешек кілті- білімде" атты жалпы қалалық пәндік олимпиада жеңімпаздарын (9-10-11 – сыныптар). марапаттауға арналған салтанатты жиыны, және мектепшілік «Жас ғалым-2022» ғылыми - зерттеу конференциясының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өткізілді.



24.05.2022 ж мектепшілік дәстүрлі "Жыл оқушысы-2022" байқауы өтті. Әр жыл сайын байқау бір жаңалығымен өтуде. Биыл білім байқауы мектептің мерейлі 15 жылдығына орай, 15 номинация ұсынылды. Оқушылар төмендегі 6 номинация атаулары бойынша жұмыстарын жіберген:

1. Жылдың өнер қыраны (әнші, биші, күйші, термеші, қобызшы, мәнерлеп өлең оқу)
2. Жылдың спорт жұлдызы (түрлі спорттық, сайыс қорытындысы).
3. Жылдың білімпазы (пәндік олимпиада жүлдегерлері, ғылыми жобалар)
4. Жылдың тапқыр сұңқары (Әскери, «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдары, Туризм, Өлкетану байқаулары)
5. Жылдың қолөнер шебері (мүсін, сурет, киім өнері бойынша жүлдегерлер)
6. Жылдың ең белсенді оқушысы (барлық байқау, сайыстарға қатысқан үміткер)

1. Жылдың өнер қыраны номинациясының жеңімпазы:

9 «б» сынып оқушысы Армаова Аружан

2. Жылдың спорт жұлдызы номинациясының жеңімпазы:

4 «ә» сынып оқушысы Бейбіт Бекзат

3. Жылдың білімпазы номинациясының жеңімпазы:

10 «б» сынып оқушысы Меңдияр Талшын

4. Жылдың тапқыр сұңқары номинациясының жеңімпазы:

2 «б» сынып оқушысы Тулегенова Айсара

5. Жылдың ақыны номинациясының жеңімпазы:

6 «д» сынып оқушысы Берикова Бегимай

6. Жылдың ең белсенді оқушысы, «Жыл оқушысы-2022» номинациясының жеңімпазы:

8 «а» сынып оқушысы Досмухамбетов Темирлан



Барлық қатысқан оқушыларға алғыс хаттар табысталып, аталым номинация жүлдегерлеріне оқу орталығынан, ойын орталықтарынан т.б сертификаттар табысталды.

**Ұсыныс:** Дарынды оқушылармен жұмыс түрлерін әлі де көбейту .

-----Пән олимпиадаларға қатысу, ғылыми жұмыс жасау бағытында жұмыстар күшейту...